ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2025 жылғы 17 шілде №7119-25-00-2/6926 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің "№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚ МКК)

ЖАУАПКЕР:

«Сәнім» жеке кәсіпкері (бұдан әрі – ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ::

1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы;

2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 26 желтоқсандағы №13512136-БҰС1 «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде, Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық аурухана» ШЖҚ МКК және «Сәнім» ЖК 2025 жылғы 03 қантардағы №18 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасты.

Келісімшарт бойынша тауарлар 45 килограмм мөлшерінде прокаин, ақ кристалды, ащы ұнтақты, 185 000 теңге сомасына 2,5 килограмм мөлшерінде иіссіз, ащы дәмі бар ақ немесе әлсіз сарғыш-жасыл реңктері бар ақ түсті левомицетинді, жалпы сомасы 18 000 теңгеге 10 килограмм мөлшерінде ақ күңгірт картоп крахмалын жеткізу болып табылады.

Шарт бойынша жалпы сомасы 1 440 500 теңгені құрайды.

Қызметтерді көрсету орны: Астана қ., Алматы ауданы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 66.

Тапсырыс беруші өтінім берген сәттен бастап күнтізбелік 15 күнді құрайды.

Осыған байланысты мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жауапкердің атына 2 килограмм мөлшерінде прокаинды, 0,5 килограмм

мөлшерінде левомицетинді жеткізу бойынша 2025 жылғы 07 сәуірдегі өтінімді жолдады. Соңғы күн 2025 жылғы 22 сәуір болды, тауар жеткізілмеген.

2025 жылғы 29 сәуірде міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарлама жіберілді. 2025 жылғы 08 мамырда мемлекеттік сатып алу порталы арқылы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін шартты бұзу ниеті туралы хабарлама жіберілді.

2025 жылғы 26 мамырда мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жауапкер тауарды 2025 жылғы 29 мамырға дейін жеткізетінін хабарлайды.

Алайда 2025 жылғы 30 мамырдағы жағдай бойынша тауар жеткізілмеген, нәтижесінде шарт 2025 жылғы 03 маусымда біржақты тәртіппен бұзылды, жеткізуші бұл әрекеттерге белгіленген тәртіппен шағымданбады.

Тапсырыс беруші 2025 жылдың 12 маусымында сотқа жауапкердің өз міндеттемелерін орындамағанын хабарлай отырып, өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу талап қоюмен жүгінді.

Іс қозғалған кезде, жауапкер қозғалған іс туралы талап қоюдың және сот ұйғарымының көшірмесімен тиісті түрде Сот кабинет арқылы хабардар етілді (2025 жылғы 20 маусымда сағат 09.41-де Сот кабинет арқылы алынды), алайда белгіленген мерзімде жазбаша қарсылықтарын жолдаған жоқ.

ҚР АПК 267-3 бабының 5 тармағына сай, пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгілеген мерзімдер өткеннен кейін сот тараптарды шақырмастан, істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық форматта қарайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 5 тармағына сәйкес, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік Қаулысының 8-тармағына сәйкес (әрі қарай – НҚ) - мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 17.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 25.08.2025, судья Нұрланов Б. К., 25.08.2025
7119-25-3-1/6753

әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Істі қарау барысында өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындалмағаны анықталды, істі қараған күні шарттың орындалғаны туралы мәлімет жоқ, одан басқа, шарт 2025 жылғы 03 маусымда біржақты тәртіппен бұзылды.

ҚР АК 401 бабының 2 бөліміне сәйкес, тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Осылайша, талап қоюы уақытылы берілді, сатып алу жоспарында көзделген бюджет қаражаты игерілмегені анықталған, тапсырыс беруші шарт жасасу кезінде күткенін алмаған, бұл ол үшін жағымсыз салдарлар болған деген қорытындыға әкеледі.

Жоғарыда көрсетілгендей, жауапкер келісім-шарттың біржақты тәртіппен бұзу әрекеттеріне шағымданбады, бұл оның кінәсін мойындағанын және тапсырыс берушінің әрекетінің заңдылығын көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандар, өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға мүмкіндік беретін, бір мезгілде екі фактор – өнім берушінің кінәсі және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлардың туындауынан көрінетін белгілердің заңда көзделген жиынтығы бар дегенді білдіреді.

Мұндай жағдайларда өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатусышы деп тану туралы талабы орынды және қанағаттандыруға жатады.

№2 талабы бойынша.

Заңының 17-бабының 9 тармағының 2 тармақшысына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі.

Өнім беруші шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші: мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай-АК) 293 бабына сәйкес, борышкер міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 17.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 25.08.2025, судья Нұрланов Б. К., 25.08.2025
7119-25-3-1/6753

орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Келісім-шарттың 7.3-тармағына сәйкес, тұрақсыздық айыбы жалпы сомасы 3 772 теңгені құраған.

Есеп сотпен тексерілді және дұрыс деп танылды, айыппұл мөлшерін азайту ұшін ҚР АК-нің 297 бабының ережелерін қолданудың заңды негіздерін таппады, сотқа жауапкеріның тұрақсыздық айыбын өз еркімен төлегені туралы ақпарат ұсынылмаған.

ҚР АПК 117 бабының 1 тармағына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "№1 көпбейінді қалалық аурухана" ШЖҚ МКК жауапкер «Сәнім» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

"Сәнім" ЖК ЖСН 850420400650 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Сәнім" ЖК ЖСН 850420400650 мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

"Сәнім" ЖК-ден ЖСН 850420400650 Астана қаласы әкімдігінің "№1 көпбейінді қалалық аурухана" ШЖҚ МКК-ның БСН 191240005853 пайдасына 3 772 (үш мың жеті жүз жетпіс екі) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 113 (жүз он үш) теңге сот шығындары өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 17.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 25.08.2025, судья Нұрланов Б. К., 25.08.2025
7119-25-3-1/6753

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 17.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.08.2025, судья Нұрланов Б. К., 25.08.2025

7119-25-3-1/6753